

Жұмағұлова Г.Ш.
Ш. Әлжановтың қазақ педагогикасын қалыптастырудағы ролі

Бұл мақалада педагогикалық психология білім беру мен оқытудың әсер ету нәтижесінде пайда болатын психологиялық ерекшеліктердің қалыптасу жағдайы мен заңдылықтарын зерттейтінін ескере отырып, Қазақстан жағдайында бұл ғылымның жас әрі өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Біздің зерттеуіміздің негізгі мәні болып табылатын профессор Ш. Әлжановты жас ғалым педагогикалық психология ғылымының үшінші кезеңінің өкілі қатарына жатқызады. Бұл кезеңге педагогикалық психологияның педология құрамында даму сипаттамасы тән деп көрсетеді. Олай болса, педагогикалық психология оқу материалын меңгеру, оқыту заңдылықтарын, тиімді білім беру заңдылықтарын зерттейтін, білім беру барысында психологиялық ерекшеліктерді ескеруді меңзейтін ғылым болып табылады.

Ш. Әлжановтың көкейінде тұрған тағы бір өзекті мәселелерінің бірі – тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі Ш. Әлжановтың көптеген еңбектерінде бірнеше рет кездеседі. Мысалы, «Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемалары және ғылыми-зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттері» атты баяндамасында профессор «Өткенді зерттеу – қазіргі жаңа тәрбиенің негізіне толық түсінуге жол береді. Өйткені осы күнгі жас буындар бұрынғы тәрбиенің қандай екендігін білмейді. Профессор Ш. Әлжанов тек білім берудің әдістемелерін жетілдіру жұмысына ғана тоқталмай, жалпы білім беру жүйесін кешенді, жүйелі түрде жақсарту, жетілдіруге, сонымен қатар ғалым жоғары мектептердегі білім беру ісіне аса назар аударады. Жоғары мектепте оқыту әдістерін құрудың жолдары мен бағыттарын көрсетеді. XX ғасырдағы халық ағарту ісіне белсенді атсалысқан зиялыларымыздың бірі болып табылатын Ш. Әлжановтың бұл істе еңбегі зор болды. Ғалым қазіргі педагогиканың басты категориялары болып саналатын тәрбиелеу, білім беру, оқыту, тұлғаны дамыту, педагогикалық процесс сияқты үлкен мәселелерді көтерді. Бұл ана тіліміздегі көптеген оқылықтардың жарық көруіне оңтайлы әсер етті.

Түйін сөздер: интеллект, тұлға, мәдениет.

Zhumagulova G.Sh.
Role of Sh. Alzhanov in shaping the Kazakh pedagogics

This article presents the results of a psychological study of psychological characteristics of educational psychology, education and training, taking into account the conditions and laws of formation of young science in Kazakhstan. Kazakh educational psychology in its scientific development proholit several stages. The main subject of our research is a young educational psychology of professor Sh. Alzhanov, who belongs to representatives of the third stage. At this stage, educational psychology was part of pedology in their descriptions. In this case, educational psychology by the materials of assimilation patterns of learning. So educational psychology is the science studying development of educational material, effective learning patterns, considering the psychological features in the training. That is, on the one hand studies the psychological position of the specifics of the techniques of pedagogical activity and patterns of assimilation, application in practice and methods of formation. On the other hand, education psychology plays an important role in the education system, and is designed to overcome the contradiction between learning and development. In this regard, generally considered a person's personality, and the ability of the laws of intellectual development.

The problem of education is found in many writings Sh. Alzhanov. For example, in the report «Immediate Tasks of the institute of research and pedagogy problems of national Kazakh culture» the writes: «Study the past – opens the way to understanding the foundations of a new modern education. Sh. Alzhanov not only improved methods of teaching, he saw an improvement in the overall integrated system upgrade training.

Key words: intelligence, personality, culture.

Жұмағұлова Г.Ш.
Роль Ш. Альжанова в формировании казахской педагогики

В данной статье изложены психологические особенности педагогической психологии образования и обучения, учитывая условия и закономерности формирования молодой науки Казахстана. Казахская педагогическая психология в своем научном развитии проходит несколько этапов. Основным предметом нашего научного исследования является молодая педагогическая психология профессора Ш. Альжанова, который относится к представителям третьего этапа. На этом этапе педагогическая психология входила в состав педологии по своим описаниям. В таком случае педагогическая психология по материалам усвоения, закономерностям обучения. Значит, педагогическая психология – это наука, исследующая усвоение учебного материала, эффективные закономерности обучения, учитывая психологические особенности в ходе обучения. Еще одна актуальная проблема, которую рассматривал Ш. Альжанов – проблема воспитания. Проблема воспитания встречается во многих трудах Ш. Альжанова. К примеру, в докладе «Очередные задачи перед институтом научно-исследовательской педагогики и проблемы казахской национальной культуры» профессор пишет: «Изучение прошлого – открывает дорогу к пониманию основ современного нового воспитания. Профессор Ш. Альжанов совершенствовал не только методики обучения, он рассматривал усовершенствование и в целом комплексное обновление системы обучения. Вместе с этим ученый изучал процессы обучения в высшей школе. Он выявил приемы и направления обучения в высшей школе.

Ключевые слова: интеллект, личность, культура.

**Ш. ӘЛЖАНОВТЫҢ
ҚАЗАҚ
ПЕДАГОГИКАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
РОЛІ**

XX ғасырдың басындағы Қазақстанның педагогика ғылымына аса еңбек сіңірген тұлғалардың біріне Шәрапи Әлжанов жатады. Әлжанов Қазақстанда ағарту ісін жүзеге асыруда 7-8 қызмет атқарды. Осы уақыт аралығында біздің еліміздегі мектептердің, жоғары оқу орындарының, жалпы ғылым-білімнің жағдайын ескеретін болсақ, ғалым білім беру ісін жетілдіруге байланысты көптеген мәселелерді көтереді. Олардың ішінде жалпы білім беру жүйесі, оқу құралдары, дидактикалық еңбектер, ұлттық мамандарды дайындау және т.б. жатады. Осы мәселелерді Ш.Әлжановпен қатар қазақ еліндегі XX ғасырдың ағарту ісіне зор үлес қосқан ағартушыларымыз да көтерді. Сол жылдары педагогиканы дамытуға бағытталған, атап айтсақ, А. Байтұрсыновтың «Тіл құралы», Ж. Аймауытовтың «Психология» және «Өнер таңдау», М. Жұмабаевтың «Педагогика», М. Дулатовтың «Есеп кітабы», Х. Досмұхамедовтың «Табиғаттану», «Адамның тән тіршілігі», С. Сейфуллиннің «Әдебиеттану» мемлекеттегі білім беру деңгейін көтеруге бағытталған еңбектер жарық көре бастады.

Осылайша XX ғасырдың 30-шы жылдарында көптеген мемлекеттік құжаттарда халық ағарту саласының қызметкерлері мен ғалым педагогтардың мақалаларында, ғылыми еңбектерде білім беру мен оқу тәрбие процестерін жетілдіре түсетін оқулықтар құрастыру жүйесін дамыту, оқу әдістемелік орталық құру қажеттілігі және т.б. мәселе төңірегінде сөз қозғала бастады. Бұл жағдай 1932 жылы елде Республикалық ғылыми педагогика кабинетінің құрылуына себепші болды. Осы кабинеттің негізінде педагогика ғылымдарының зерттеу институты ашылды. Бұл институт Ш.Әлжановтың басқаруында да болып көрді. Сол уақытта институт қызметкерлерінің белсене қатысуымен ұлт мектептеріне арналған қазақ тілінде оқулықтар жазыла бастады. Оқулықтарды жазуға белсене атсалысқандардың қатарында сол кездегі ғалымдар Қ. Жұбанов, С. Балаубаев, Ә. Сыдықов, Ә. Мейірбеков, І. Жансүгіров, М. Әуезов, Ө. Тұрманжанов және т.б. жатты. Бұл ана тіліміздегі көптеген оқулықтардың жарық көруіне оңтайлы әсер етті.

XX ғасырдағы халық ағарту ісіне белсенді атсалысқан ұлы зиялыларымыздың бірі болып табылатын Ш. Әлжановтың бұл істе еңбегі зор болды. Ғалым бұл орайда қазіргі педагогиканың

басты категориялары болып саналатын тәрбиелеу, білім беру, оқыту, тұлғаны дамыту, педагогикалық процесс сияқты үлкен мәселелерді көтерді.

Олардың ішінде Ш.Әлжанов білім берудің методикаларын жетілдіру, сапасын арттыру, баланы тәрбиелеу (эстетикалық), жалпы мектептің оқу процесін жақсартуға атсалысты. Бұл орайда «Қазақстандағы ұлттық мәдениет проблемалары және ғылыми зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттері» атты еңбегінде өзі қызмет атқарған, педагогтарды даярлауда жетекші оқу ордасы екенін түсініп, қазіргі кезеңдегі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің (ҚазПИ) алдына міндеттер қояды. Ол міндеттердің ішінде: «1) педагогиканың теория-методология негіздерін Қазақстандағы мәдениет құрылысының өзгешеліктеріне лайықтап зерттеу, педагогика проблемаларын зерттеумен қабат Қазақстан жағдайында ұлттық мәдениет туралы проблемаларын тексеру; 2) Қазақстандағы жалпы мектептердің және үлгілі мектептердің тәжірибелерін қорытып, соған сүйене отырып, ағарту орындарына саяси, ғылыми жағынан толымды программалар жасап беру жұмысына атсалысу, әр түрлі жеке пәндердің оқыту әдістері жөнінен методикалық құралдар жазу; 3) мектептегі оқу-тәрбие жұмысын политехникалық негізде қайта құру; 4) ұлт мәдениеті жайынан, тәрбие, білім, политехника және педагогика жайынан Қазақстан жағдайына лайықты түрде ғылыми еңбектер шығару; 5) педагогика тарапынан әр түрлі маңызды проблемаларды теория жағынан талдап, зерттеумен қабат, мектептердегі озат тәжірибені қорыта отырып, алдымен ауыл мұғалімдерінің білімдерін көтеріп, әдісі жағынан қаруландыруға көмектесу» сияқты отанымыздың білім беру ісін жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен міндеттерді алға қояды [1]. Сонымен қатар ғалым кезкелген оқу орындарында білім берумен қатар әрқашан мәдениет те тәрбиеленіп, жас буынның бойына сіндірілуі қажет деп табады. Мектеп сол мәдениет құрылысының негізі ретінде қарастырылып, институттың да негізгі зерттейтін объектісі ретінде қарастырылады.

Шәрәпи Әлжанов мектептердің инновациялық бағытын жақсарту, заман талабына, сұранысқа сай етіп қайта құруды ұсынады. Бұл мақсатта «ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары» атты мақаласы ғалымның ғылымға қосқан үлесін есейтті. Мұндағы ауыл мектептерін кәсіби бағытта қайта құрумен нақты бір ұйым айналысуды үгіттейді. Бұл орайда бұл мін-

детті Қазақ Педагогика институтына жүктейді. Ауыл мектебін политехникаландыру жолында бұл білім беру ордасы жолбасшы болу керек деп табады. «Бұл жөнінде таяудағы міндетіміз – өнегелі өндіріс – политехникалық шеберхана ұйымдастыру. Мұны Қазақстан педагогикалық институты жанынан құрудан бастаған орынды. Себебі ҚазПИ біздің барлық өлкеге педагогтар даярлайды. Біз политехникалық білімі бар педагогтар шығаруымыз керек. Біздің лабораториямыз тек қана ҚазПИ-дің студенттері үшін ғана емес, оның есігі мұғалімдерге де ашық болғаны жөн. Онан мұғалімдер политехнизмнің түрлі мәселесін көзімен көріп, консультация алатын болады. Бұл ғылыми лаборатория, мұнда зерттеу эксперимент жұмыстарын жүргізе алады. Мысалы, түрлі аспаптардың атын аудару қиын емес тәрізді, ал іс жүзінде жеңіл мәселе емес болып шығады, қазақтар бұлардың көбін бұрын тәжірибе жүзінде қолданған емес қой» деп политехникалық бағыттағы мектептерді қайта құрудың артықшылықтарын, мүмкіндіктерін атап өтеді [2]. Сонымен қатар, ғалым политехникалық бағыттағы мектеп-интернаттарының да жастарды, болашақ мамандарды тәрбиелеуде зор үлесін көрсетеді. Оның ойынша, бұл ұйымдарға біріншіден, политехникалық кадрларды іріктеп алу қажет, екіншіден, осындай мекемелерде политехникалық шеберханалар болуы керек, үшіншіден, басқа ауыл мектептеріне үлгі болатындай етіп ұйымдастыру қажет деп табады.

Заман талабын жетік түсінген ғалым сол заманда-ақ мемлекеттің өндірістік саласын дамытуды назарына алады. Осылайша, барлық білімнің алғашқы баспалдағы болып табылатын мектептерді заман талабына сай қайта құру жұмысына атсалысады. Осылайша 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің (бұрынғы ҚазПИ) қабырғасында Алматы қаласындағы мұғалімдер мен ғылым қызметкерлерінің жиылысында «Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары» атты тақырыпқа ірі баяндама жасайды. Ол баяндамада Қазақстан жағдайында қазақ мектебін политехникаландыру жолын талдау, атап айтқанда, қазақ ауыл мектебін политехникаландыру жолын талдау және оны үңіле тексеріп өту мәселесі көтеріледі. Өз сөзінде профессор «Қазіргі социалдық құрылыстың өркендеуі – біріншіден, бұқараның мәдениеті мәселесіне, екіншіден, кадр дайындау мәселесіне байланысты. Даярлау мәселесі өте-мөте үшкір тұрып келеді, енді тіпті үшкірленіп отыр. Сондықтан мектептерімізді жіті түрде қайта құру мәселесі келіп туып отыр,

атап айтқанда бұларды көбінесе біздің қажеттілігімізге сәйкестеу қажет. Біз кадр жөнінде сөйлегенде жоғарғы мектептеріміз бен техникумдеріміз арқылы даярлап отырған кадр туралы ғана сөйлемейміз, бұл кадр мәселесін кең мағынада сөйлейміз. Кадр даярлаудың негізгі алқабы, негізгі тиянағы да біздің мектептер болып есептеледі. Міне, кадрларымыздың сапасы да осы мектептерде жұмысты дұрыс жолға қоюмен байланысты» деп елдегі азаматтардың әлауқатын жақсартуда, экономиканы көтеруде мектептердің, нақтылап айтсақ, мектептердегі білім берудің мәселелеріне аса назар аударады [3].

Бұл білім берудің мәселесі мемлекеттік деңгейде шешілетінін, жүзеге асатынын ескере отырып, Ш.Әлжанов білім беру жүйесінің тиімді жолдарына, методикаларына аса назар аударады.

Осылайша Ш.Әлжанов өзінің «Кеңес мектептеріндегі оқыту методикасының негізі» атты еңбегінде оқыту әдістеріне қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетеді. Олардың қатарында төменгі міндеттерді шешуді ұсынады:

1. Оқыту әдістері оқушыларға саналы түрде, жүйелі білім беру жағынан қамтамасыз ететін болсын.

Оқушылардың саналы белсенділігімен қабат оқытушының басқарушылық маңызын арттыру.

Оқыту методтары балалардың өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландыратын болсын.

Оқыту методтары мектептегі балалардың істейтін жұмыстары арқылы коллектившілдікті (қоғамшылықты) тәрбиелейтін болсын» [4].

Ш.Әлжанов бұл жөнінде кеңес мектебінің алдында тұрған міндеттер, көздеген мақсаттары мыналар деп көрсетеді: 1) балалардың сезімін, ақыл ойын, творчествосын дамытып өсіріп жетілдіру, 2) әр түрлі материалдардың сапалары (қасиеттері) мен балаларды таныстыру, 3) еңбек мәдениетінен тиісті дағды беріп үйрету, 4) көркемдік шығармаларды (жақсы сурет, өрнекті сызу, скульптура, архитектураларды) таныттырып, оларды сынап көре білуге үйрету.

Бұл орайда білім беруді, тәрбиелеуді кешенді ұйымдастыру мәселелерін алға қояды. Ш.Әлжанов жалпы мектепте оқыту әдістерін жетілдірудің әдіснамалық негізін жасауға, білімнің санада нық бекітілуі жағынан білім алушының дұрыс жолын көрсетуге көп үлесін қосты. Осылайша 1937 жылдың 4 сәуір айында «Ауыл мұғалімі» атты журналда жарияланған «Өздігінен білім алу және кітап оқу жолдары» мақаласы жарық көрді. Бұл еңбекте қазіргі таңдағы өздігінен білім алу, оқу орындарында өзіндік жұмыс жасау сияқты білім берудің методикаларын же-

тілдіру жолдары көрсетіледі. Мысалы, ғалым мақаласында «Өздігімен оқу оқушылар жұмыс уақытын жоспарлап алу керек. Өзбетімен оқып даярлануға кіріскенде оқушы шаршамайтын тұрған мезгілде өзіне қиын, ауыр соғатын сабаққа даярланып, алдымен содан бастаған жөн. Сонан кейін өзіне жеңіл келетін сабаққа даярлануға көшсе де болады. Бастапқы ауыр деген сабаққа әзірленуге бірер сағат отырғаннан кейін ол икемге көнбей, түсіне алмай қиыншылыққа кездесетін болса, оны қайтсе де аяқтамай қоймаймын, деп ұдайымен 4-5 сағат отырудан пайда шықпайды. Мұндай уақытта бірер сағат істегеннен кейін оны тоқтатып қоя тұрып, басқа сабаққа көшу дұрыс. Бір пәннен екінші пәнге көшіп алмастырудың өзі – демалыстың бір түрі екенін естен шығармаған жөн. Жеңіл сабақты оқып даярланып бітіргеннен кейін бастапқы ауыр деген сабақты қайта тағы да қолға алуға болады»[5]. Сонымен қатар Ш. Әлжанов жұмыстың (білім алу) нәтижелі болуы – жұмыс істейтін орынға да байланысты деп біледі. Ғалымның айтуы бойынша «Таза, ретті-тәртіпті, жақсы жұмыс орны адамды тартып тұрады, жұмыс көңілді болады. Егер де жұмыс орның таза болмай былығып жатса; ондай орында жұмыс істеу көңілсіз болады. Міне, жұмыс істеген уақытта осындай ұсақ мәселелерге де көңіл бөлуі керек. Бұл жағдай екінші жағынан денсаулыққа да байланысты. Әсіресе ми еңбегімен қызмет істеуші адам денсаулығын сақтау мәселесін естен шығармауы керек.

Шама келгенше күндізгі жарықты пайдалан. Түнгі жарықтан күндізгі табиғи жарық пайдалы. Бірақ бұдан түнгі шам жарығымен қызмет істеме деген қорытынды шықпайды. Шам жарығының аса артық жарығы да, жарықтың көмескілі де екеуі де көзге зиянды. Ендеше, кешкі апақ-сапақ ретте жұмыс істеме. Түнгі жарықтың сәулесі қағаздың, кітаптың бетіне сол жағынан түсетін болсын. Отырған орындығыңның, алдындағы үстел-партаң бойыңа сәйкес келсін. Үстелің аласа болса, еңкейіп отыруға тура келеді – ол дене құрылысына зиянды. Егер де биік болса тағы да қолайсыз. Столға кеуденді ылғи тақап отырма, жазатын қағаздың, не оқитын кітаптың бетіне аса еңкейіп, өте жақын отырып әдеттенбе, ол көзге де, дене құрылысына да зиянды. Осы тәрізді шарттарды кейбір жастар ескермейді, оны «ұсақ» мәселелер деп қарайды. Ол дұрыс емес.

Осылайша білім алушының, сабақты өзбетінше оқудың қалай ұйымдастырылуы қажеттігі жөнінде кеңестер береді. Сонымен қатар Ш.Әлжанов белгілі уақытта және жүйелі түрде жұмыс іс-

теп дағдылануға әдеттену керек дейді. Бірақ, осындай шарттарды іс жүзінде орындамайтын оқушылар, студенттер жоқ емес. Мысалы, кейбір студенттер жүйелі түрде тиісті уақытта жұмыс істемей, тек тиіп-қашып жүріп, не демалыс

күні, болмаса басқа бір күнде сабақтың бәріне де даярланамын деп таңертеңнен кешке дейін ұдайымен отырады. Мұның денсаулыққа да, келесі күндерде істелетін іске де зияны мол деп есептейді ғалым.

Әдебиеттер

- 1 Муканов М.М. Психологическое исследование рассудка в историко-этническом аспекте// автореф. доктор. дисс. – М., 1980. – С.29-31.
- 2 Жумабаев М. Педагогика // Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К. Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 299 б.
- 3 Деркач А.А. Взаимосвязь структурных компонентов состояния психической готовности студентов к педагогической деятельности//Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся / Под ред. А.А. Бодалева, В.Я. Ляудис. – М., 1980. – С.108.
- 4 Романова О.Л. Развитие этнической идентичности у детей подростков. Дис. канд. психол. наук. – М., 1994. – 133 с.
- 5 Чернова О.В. Роль русской национальной школы в психической адаптации индивида//Журнал прикладной психологии. – М., 2000. – Т. 2. – С.10-17.

References

- 1 Mukanov M.M. Psychological research in the understanding of historical and ethnic aspects // Author. Doctor. diss. – M., 1980. – P.29-31.
- 2 Zhumabaev M. Pedagogy // Anthology of pedagogical thought Kazakhstan / Comp. K.B. Zharikbaev, S.K. Kaliev. – Almaty Rauan, 1995. – 299 p.
- 3 Derkach A.A. Correlation of the structural components of the mental readiness of students to teaching // Psychological-pedagogical problems of interaction between teachers and pupils / Ed. A.A.Bodaleva, V.Ya.Lyaudis. – M., 1980. – P.108.
- 4 Romanova O.L. The development of ethnic identity in children adolescents. Dis. cand. psychol. nauk. – M., 1994. – 133 p.
- 5 Chernova O.V. The role of the Russian national school in mental adaptation of the individual // Journal of Applied Psychology. – M., 2000. – Т. 2 – P. 10-17.